


2022-2023 оқу жылының
басталуы туралы

Мәртөк АББ-нің 27.08.2022 жылғы №533т1 бұйрығына сәйкес

Бұйырамын:

1. 2022-2023 оқу жылының басталуы – 2022-жылдың 1-қыркүйегі
2. Оқу жылының ұзақтығы:
 - 1-сыныпта – 35 оқу аптасы
 - 2-9-сыныпта – 36 оқу аптасы
3. Оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері:
 - 1-9-сыныптарда:
 - Күзгі каникул – 7 күн (2022-жылғы 31-қазан-6-қараша аралығында)
 - Қысқы каникул – 9 күн (2022-жылғы 31-желтоқсан -2023-жылғы 8-қаңтар аралығында)
 - Көктемгі каникул – 9 күн (2023-жылғы 18-26-наурыз аралығында)
 - 1-сыныпқа қосымша каникул -7 күн (2023-жылғы 6-12- ақпан аралығында)
4. 2022-2023 оқу жылына дайындығы қамтамасыз етілсін.
5. Білім алушылар мен педагогтердің барлық қауіпсіздік шараларын сақтауы қамтамасыз етілсін.
6. Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толықтыруы бойынша шаралар қабылдансын.
7. Үлгерімі төмен білім алушылармен жеке жұмыс жүргізу ұйымдастырылсын.
8. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022-жылғы 3-тамыздағы №348 бұйрығы басшылыққа алынсын және айқындалған мерзімдері туралы білім беру ұйымдарына және ата-аналар назарына жеткізілсін.
9. Оқу жоспарларын әзірлеуде «ҚР –да бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР-сы Білім және ғылым министрінің 2012-жылғы 8-қарашадағы №500 бұйрығы негізге алынсын.
10. Оқу процесін ұйымдастыруда «2022-2023 оқу жылында ҚР-ның орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат басшылыққа алынсын
11. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Е.Төлеуоваға жүктелсін.

Мектеп директоры:



Мезенец В.В: